

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.178-180

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Талғат Ш., студент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» деп аталатын еңбегінде: «Әрбір адам бала кезінен: «Қазақстан – Менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн», - деп көрсетті [1, 25].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлімтәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан қоғамның ертеңгі иегерлерін тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақша мен мектептің, барша халықтың міндеті. Мұны дұрыс шешу – болашақ ұрпақтың ұлттықсанасын тәрбиелеп, рухани мәдениетін жетілдірумен бірге қаралады. Ал, рухани мәдени байлықтың байырғы саласының бірі – ұлттық ойындар.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп дағдыларын жас ұрпақтың бойына ойынарқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажетінен туып отыр. Өйткені ойын – баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, елін, жерін, тілін сүйуге, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеудің құралы. Оның тәрбие, тәлім берудегі сиқырлы сырын терең меңгеру үшін, ежелден бері өркен жайып, үздіксіз дамыған халықтық ойындарды зерттеп, оларды тиімді пайдаланудың жолдарын қарастыру маңызды міндет болып табылады. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігісөзсіз. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Халқымыз ойындарға тек

балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған.

«Бесік жырынан» бастап ұлт ойындарының барлығы халық тәрбиесінің көзі [2, 16].

Бесік жыры – балаға берілетін алғашқы тәрбие. Өйткені баяу ырғақпен айтылған анасының әлдиі туғаннан баласының құлағына сіңеді. Бесіктегі баланы әннің ырғағымен тербетеді. Бесік жырының тұрақты нұсқасы жоқ. «Ел болу үшін, бесігінді түзе» – де-ген нақыл айтып кеткен М.Әуезов атамиздың бұл бір сөзіне ой жүгіртсең, елдің санасы сонау бесік тәрбиесімен байланысы зор екенін айтады. Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде Бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бесік жырының басты қызметі – бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сазбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан дүниесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. «Бесік жырында» ата-анасының баласына деген ізгі тілегін, жақсы ниетін, еңбек сүйгіш те өнерлі болып, жеке бастың пайдасы не даңқ үшін емес, халық үшін еңбек етуге тәрбиелеуді аңсаған ойын көреміз.

Осылайша, «Бесік жырын» естіп келген нәресте саусағының жыбырлағанын қызықтап, айналасындағы дүниені бір-бірінен ажырата бастайды, ата-анасынан «Саусақ санау» жырын естиді. Тіпті, алғаш аяғын еркін басып, тілі толық шығып ойнай бастағанда, оларға «санамақ», «ханқыз» сияқты айтуға жеңіл, тапқырлықпен ақындыққа жетелейтін ойын түрлерін үйреткен. Қазақ халқының арасында кең тараған бес саусақтың аттары бар: «бас бармақ, сұқ саусақ, ортан қол, аты жоқ саусақ, шынашақ». Осы саусақ аттары бала тілінде ұғынықты да жеңіл айтылу үшін, басқаша айтады: «бас бармақ, балалы үйрек, ортан тірек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп, әндетіп саусақтарын санап, оған күнделікті кездесетін табиғи заттардың аттарын қосып, қиыстырып айтқан.

«Саусақ санау» жырларының тәрбиелік маңызы – тілі жаңа шығып келе жатқан нәрестені сөйлеуге қызықтырып қана қоймай, сонымен бірге дейін санауды үйретіп, сол сандармен қатар заттардың атымен таныстырып, тілін дамытады. Санамақ – кез келген халықта кездесетін, жас баланың есептеу, ойлау қабілетін дамытуға арналған тілдік құралы. Сонымен бірге, дене жағтығуларын жасауда, бала қимылын дамытуда атқарар мәні зор. Санамақ - қазақтың жас балаларға (4-7 жас) арналған ұлттық ойыны. Зеректікті, ептілікті пен икемділікті қажет ететін ойындардың қатарына жатады. Санамақтарды халық негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Санамақтар әрі ойын,

әрі есеп түрінде қолданылады. Ғалымдардың көпшілігі жас кезінде санамақты жақсы айтатын баладан келешекте ақын-жазушы, шешен, журналистердің көп шығатынын айтады» деген. Санамақты көп айтатын балалардың импровизациялық (суырып салма) шеберлігі барынша артады. Қимылы баяу жеткіншектер санамақ ойыны арқылы ширап, белсенділігі күшейеді. Санамақ жаттауды әдетке айналдырған бала өзін емін-еркін жәнетәуелсіз сезінеді. Мінезіне қайсарлық, өжеттік бітіп, көшбасшыға тән қасиет дариды. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Ұлттық ойындарды көбірек қолданудың нәтижесінде балалардың ойын ойнап үйренуге деген қызығушылықтары арта түседі. Ұлттық ойындар арқылы баланың бойында адамгершілік қасиеттері мен іс-әрекетке деген қызығушылығы қалыптаса бастайды. Ұлттық ойын балаларды басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға үлкен әсер етеді.

Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» деп айтқандай ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс-әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрле мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала

– балалар ойыны. Ойын баланың ойлау, қиялдау, армандау, өнерді түсіну қабілетін қалыптастыру үшін, ауыз әдебиетінің ертегі, салт өлеңдері, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер сияқты түрлерінен туған ойындардан басталған. Мәселен, ертегі – ерекше жанр. Жануарлардың адамша сөйлей алуы, түрлі нәрсені істей алуы мүмкін. Ертегіде сиқырлы құралдар бар. Қайырымдылық зұлымдықты әрқашан жеңіп отырады. Ертегінің жанрларына келсек, олар қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы және шыншыл ертегілер болып жіктеледі. Ертегі балалардың ықыласын өзіне тартып, жас жандарына әсер етіп, көңілін шаттық сезіміне бөлеп қуантады. Оның мазмұны балалардың ойына қозғау салып, сезім, ақыл-ой қызметінің ерте оянып, ерте қалыптасуын реттейді. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, ой-өрісін кеңейтеді, диалог түрінде сөйлеуге, сөздік қорын қалыптастырады. Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» мемуарлық кітабында «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек. Біздің қазіргі балаларымызға ертегіні ата-аналары айтып бермейді. Ал бесікте жатқанда құлағына

анасының әлди үні сіңбеген баланың көкірегі кейін керек болып қалмаса деп қорқамын»-деген екен [3, 23].

Халық ауыз әдебиетіндегі тәрбиелік маңызы зор жанрдың бірі – жаңылтпаш. Жаңылтпаш сәбидің жаңа шыққан тілін сөзге бейімдеуде, тілін айқын жаттықтыруда үлкен орын алатындағына халық айрықша мән берген. Ойындар арқылы баланың дұрыс және ұғынықты сөйлей білуін, сондай-ақ ойын жағдайлары арқылы олардың зейіні мен ынтасын арттыруға болады. Халық жаңылтпашты тікелей балаға ғана арнаған, көбінде сәбидің тілі келмейтін, айта алмайтын әртүрлі дыбыстарды үйрету үшін шығарған. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру арқылы жаттығу жұмысын жүргізу бар. Жаңылтапаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тілі келмейтін, иә тілі басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрып, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады. Оның тәрбиелік мәнділігіне алғаш назар аударған С.Сейфуллин: «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі дүкенін құрған кезде айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертегі, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстартуына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселуіне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын» деген болатын [4:110]. Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштаройлап шығарған. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетіндегі сәби тәрбиелеудегі аса зор маңызы бар жанрдың бірі – жұмбақ. Жұмбақты халық көбінесе балаларға арнаған. Жұмбақтар балалардың ұшқыр ойын шынықтырады, іске, әрекетке қарай баулиды, ой-санасының қызмет істеуіне серпін береді, сөйтіп жұмбақтың шешімін айтқызады. Кейдебүкіл бір ертек жұмбақтан туады. Әңгіменің, әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау, машық болған. Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. М.Әуезов:

«Жұмбақ – халық шығармашылығының ішіндегі ең ескі түрлерінің бірі. Жұмбақ өткір,

ұшқыр ой түйінін топшылаған, поэтикалық қасиеті күшті тәрбиенің тамаша құралы. Ол бүгінгі біздің дәуірімізде де өзінің керектілік қасиетін жойған жоқ», – деген [5:4]. Жастаройын-сауық кештерінде жұмбақты әлі де ермек етеді. Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық

- бірлігінде. Қазақстан
- 2 ХХІ ғасыр. - Алматы, 1993. - 32 б.
 - 3 Қазақтың ұлттық ойындары – тәрбие көзі. әдістемелік нұсқау. – Астана, 2011.3 Сейфуллин С. Қазақ әдебиетін зерттеу. Алматы, 1931. – 253 б.
 - 4 Әуезов М. Қазақ халқының жұмбақтары. Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 220
 - 5 С.Шормақова, Ә. Шаханова. Жұмбақтар поэтикасы//Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2014.
 - 6 №3. 92 б 6.Садырбаев С. Қазақ халқының әдебиеті. Алматы: Рауан, 1990.– 240 б.
 - 7 Almagul Akazhanova. The Methodology of the Development of the Worldview of Schoolchildren through Games. *Opcción*, Año 35, No.89 (2019): 640-659 ISSN 1012-1587/ ISSNe: 2477-9385

Жетекші: Ақажанова А.А. п.ғ.м.,аға оқытушы